

Ж.Ә. ӘУБӘКІРОВА,¹
профессор.
Ж.Т. БЕЙСЕНБАЕВ,¹
Э.Ф.К.
М.Ж. БЕЙСЕНБАЕВА,¹
докторанты.
Әл Фараби атындағы ҚазҰУ¹

ҚР-ҒЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ


Аңдатпа

Мақалада отандық жоғары білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігінің мәселелері қарастырылады. Отандық жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігінің төмен болу себептері айқындалған және оны жоғарылатудың жолдары көрсетілген. Жоғары білім берудің бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың объектілері мен субъектілерінің сипаттамасына ерекше назар аударылған. Мақалада Қазақстан Республикасының ЖОО-дағы инновациялық қызмет туралы, оның қазіргі таңдағы жағдайы, ең басты өзекті мәселелері мен қазіргі таңдағы инновациялық қызметінің басты артықшылықтары мен ерекшеліктері сипатталған. Нарық сұранысы жылдан-жылға қарқынды дамып, оған деген талаптар артып отырғандықтан бәсекеге қабілетті, білікті маман дайындау еліміздің білім беру саласындағы басты міндеті болып табылады. Қазақстан Республикасының ЖОО-ның инновациялық қызметі қазіргі таңда ең бір өзекті қызметтердің бірі болып табылады. Еліміздің экономикасының дамуы мен әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті мамандар дайындау мәселесі, еліміздегі мамандар дайындайтын ЖОО-ның қызметін жаң-жақты зерттеуді талап етеді. Бұл мақалада инновациялық қызмет қазіргі таңда қалай жүргізіліп жатқаны баяндалып, ЖОО-ларда білім берудің жаңа жүйесі енгізілді.

Тірек сөздер: бәсекеге қабілеттілік, жоғары білім беру, білім беру сапасы, кадрларды дайындау, мамандар, артықшылықтар, ерекшеліктер, инновациялар.

Қазіргі қоғамдағы экономикалық ғылымда бәсеке нарықтық шаруашылықтың қызмет етуінің маңызды құраушы механизмдерінің бірі ретінде қарастырылады. Бәсеке қоғамның әлеуетін барынша пайдалануға, шаруашылық жүргізуші субъектілердің іс-әрекетін ұтымды етуге алып келеді. Бәсекелестіктің экономикалық теориясы жалпы түрде бәсекеге қабілеттілікті белгілі бір объектінің немесе субъектінің өзінің бәсекелестерін басып озуға қабілеттілігі ретінде түсіндіреді. Яғни, біздің ойымызша, бәсекеге қабілеттілік дегеніміз тұлғаның, тұлғалар тобының және тұтас қоғамның қандай-да бір қажеттіліктерін барынша қанағаттандыруға деген табиғаты біртектес объектілердің мүмкіндігімен анықталатын олардың қасиеттері мен сипаттамаларының жиынтығы. Нақты әлеуметтік-экономикалық жағдайларда саналы түрде таңдау жасауға мүмкіндік беретіндей, осы қасиеттер мен сипаттамаларды белгілі бір түрде орналастырып, оларды белгілі бір қатынастарға қоя отырып, тұтынушы салыстырылатын объектілердің «ұқсастықтары» мен «айырмашылықтарының» жиынтығын құрастырады. Тұтынушының артық көрген объектісі бәсекеге қабілетті болып табылады. Ол келесі екі негізгі категорияның байланысынан келіп шығады: бәсекеге қабілеттілікке ие объектілер және бәсекеге қабілеттілікті бағалайтын субъектілер. Осыған орай, жоғары білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін анықтауда оның объектілері мен субъектілерін анықтап алу қажеттілігі туындайды.

Қазіргі кезеңде білім, әсіресе, жоғары білім көрсетілетін қызмет ретінде қабылданып отырған жағдайда, барлық елдерде дерлік ол сәйкесінше бекітілген ұйымдастырушылық-құқықтық механизмдерге сүйенеді. Білім беру қызметінің әлемдік нарығы қалыптасқан қазіргі уақытта «білім берудің бәсекеге қабілеттілігі» түсінігі жекелеген жоғары оқу орындары үшін де, жоғары білімнің ұлттық жүйелері үшін де ерекше мәнге ие болады. Сондықтан тұтас елдің жоғары білім беру жүйесі, жекелеген жоғары оқу орындары немесе белгілі бір бағыттағы жоғары оқу орындар тобы, нақты жоғары оқу орнымен ұсынылатын кәсіби білім беру бағдарламалары мен білім беру қызметтері, ұсынылатын білім беру бағдарламаларының сапасының көрсеткіші ретіндегі түлектердің дайындық деңгейі бәсекеге қабілеттілікті бағалау объектісі болып табылады (сурет 1, б. 215).



Сурет 1 – Жоғары білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін бағалау объектілері мен субъектілері

Жүргізілген талдаулар көрсеткендей, «бәсекеге қабілеттілік» түсінігі әдетте «тиімділік», «сапа» ұғымдарымен қатар қолданылады. Бірақ бұл ұғымдар өзара байланысты болғанменен, бір-бірімен тең емес. Егер, қандай да бір мемлекеттің білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігі басқа мемлекеттердің білім беру жүйесімен салыстыру негізінде анықталатын болса, ал ол жүйенің тиімділігі қызмет ететін ортасы болып табылатын мемлекет және қоғам үшін анықталады. Білім беру жүйесінің тиімділігін айқындау оны басқа елдердің білім беру жүйесімен салыстыруды қарастырмайды, бірақ стандартпен бекітілген нәтижелерге барынша аз шығынмен қол жеткізуді көздейді. Білім берудің бәсекеге қабілеттілігі мен оның сапасының өзара байланысы айқын, сапа да бәсекеге қабілеттілік тәрізді салыстыру нәтижесінде анықталады. Бәсекеге қабілеттіліктің нарықтық қатынастар жағдайында байқалатындығын, яғни, бәсекені нарық туындататындығын ескерсек, оған мәндік (өнімнің сапасы) сипаттағы факторлармен қатар, конъюнктуралық (өнім бағасының төмендеуі) факторлар да әсер етеді. Сонымен бәсекеге қабілеттіліктің маңызды сипаттамасы салыстырмалылық болып табылады. Сапа болса, затты немесе құбылысты басқалардан ерекшелеп тұратын маңызды белгілердің, қасиеттердің, ерекшеліктердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Бәсекеге қабілеттіліктен сапаның айырмашылығы: ол – жекелеген адамдардың немесе топтардың дербес түйсінуі негізінде айқындалады. Білім беру жүйесіне қатысты алатын болсақ, бұл өзара байланысты келесідей тұрғыда түсіндіруге болады: дәстүрлі білім беру жүйесі сапалы болғанменен, заманауи әлемде ол мүлде бәсекеге қабілетсіз болуы мүмкін.

Сонымен, жоғары оқу орынының бәсекеге қабілеттілігі – бұл оның оқыту сапасы, бағасы, оқытудың нысандары мен әдістері, жағдайлары, оның орналасуы, жарнама және т.б. үздік әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер нәтижесінде басқа жоғары оқу орындарының арасында ерекшелену қабілеттілігі. Жоғары оқу орнының бәсекеге қабілеттілігін үш деңгейде қарастырған дұрыс деп есептейміз: макродеңгейде – білім беру мекемесінің елдің әл-ауқатын арттыратындай қызметтер көрсетуге қабілеттілігі, мезодеңгейде – білім беру мекемесі қызметінің еңбек нарығының сұранысына сәйкестігі, микродеңгейде – білім беру мекемесі ұсынатын қызметтің сапалық сипаттамаларының тұтынушылар мен олардың өкілдерінің сұранысына сәйкестігі.

Қазіргі кезде бәсекеге қабілеттілік түсінігі зерттеліп отырған объектіге байланысты әртүрлі талдауға ие. Егер «бәсекеге қабілеттілік» түсінігін жүйелі түрде зерттейтін болсақ, тауардың, қызметтің, ұйымның, саланың және мемлекеттің бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін құрылым керек. Осылайша, қызметтің бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалау нарықты мақсатты мемлекеттік реттеу үшін, сонымен қатар, сол нарықтағы жекелеген ұйымдардың нақты стратегиясын құрастыру үшін маңызды индикатор болып табылады.

Жаһандану жағдайында бәсекеге қабілеттілік тек деңгейін өлшеуге болатын көрсеткіш ғана емес, ең алдымен нарықтық жағдайда қызмет ету философиясы болып табылады және келесі шарттарға бағдарлануы керек:

- ◆ тұтынушылардың қажеттілігін және олардың даму тенденциясын түсіну;
- ◆ бәсекелестердің іс-әрекетін және мүмкіндіктерін білу;
- ◆ нарықтың қазіргі жағдай мен даму мүмкіндіктерін білу;
- ◆ қоршаған ортадағы өзгерістерді үнемі бақылау.

Жоғары білім беру жүйесіндегі бәсекеге қабілеттілік ерекшелігі мынада: біріншіден, жоғары білім беру жүйесіндегі бәсекеге қабілеттілік осы жүйеде қызмет ететін барлық персоналдардың жұмыс сапасы мен ресурс сыйымдылығына бағдарланады, екіншіден, қазіргі кезде жоғары білім беру жүйесіндегі объектілердің бәсекеге қабілеттілігін бағалайтын құқықтық құжаттардың жеткілісіздігі, үшіншіден, білім беру қызметінің нарығы көп жағдайда тұтынушылық сұранысқа тәуелді және келесідей факторларға бейімделуі тиіс деп есептейміз:

- ◆ беделділік;
- ◆ еңбек нарығындағы қажеттілік;
- ◆ ұтқырлық;
- ◆ белгілі бір әлеуметтік мәртебені иелену;
- ◆ мамандықтың табыстылығы;
- ◆ өзін-өзі дамыту мүмкіндігі.


Жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін басқару үрдісін ұйымдастыру үшін келесідей мәселелерді шешіп алу керек:

- ◆ өзіндік бәсекелестік артықшылықтар мен кемшіліктерді толығымен анықтап алу;
- ◆ инфрақұрылымдық бөлімшелер секілді қосымша инновациялық орталықтар құру;
- ◆ инновацияны басқару әдістерін (сараптамалық, тәжірибелік, болжамдық, экономикалық, әлеуметтік-психологиялық, әкімшілік және т.б.) анықтау;
- ◆ бәсекеге қабілеттілікті басқару механизмін құрастыру.

Жоғары білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін қазіргі заманда тиімді басқару үшін инновациялық менеджменттің теориялық және әдістемелік негізіне сүйенетін экономикалық ғылымдар мен білім беру технологияларының даму деңгейі бір біріне сай боуы шарт. Бұл аталған шарт бойынша ЖОО жоғары білім беру жүйесінде ең алдымен жоғары әлеуметтік-мәдени инновацияны алуға бағытталған ерекше ұйымдық-басқарушылық қызметпен айналысатын орын болып есептелінеді.

Сонымен, жоғары білім беру саласындағы инновацияға әртүрлі үш негізгі қасиет тән: ғылыми-технологиялық жаңашылдық, білім беру барысында пайдаға асырылу, әлеуметтік және нарықтық сұраныстарға сай жүзеге асырылу. Ғылыми-зерттеу нәтижелері бойынша табылған жаңашылдықтарды ойластыру және тарату жоғары білім беру жүйесінің, оның ішінде жоғары оқу орындарының дамуының бәсекеге қабілеттілік бағыты болып табылады.

Бәсекеге қабілеттілікті талдау маркетингтік зерттеулерге, нормативтік көрсеткіштердің сақталуына және ішкі сипаттағы ақпараттарға негізделеді. Маркетингтің мәні тек басқарушылық құрал ретінде ғана емес, «нарық философиясы» ретінде білім беру нарығында өзге әлеуметтік маңызы бар еңбек нарығымен өзара байланыста көрінеді. Бұл дегеніміз, жоғары оқу орындары еңбек нарығы үшін кәсіби құзыреттілік түрінде ұсыныстар қалыптастырады, ал бұл ұсыныстар еңбек нарығындағы теңсіздікті одан әрі дамытып, не құзреттіліктерден көп немесе аз болуы мүмкін. Осындай кездегі маркетингтің басты міндеті – институционалды негізде айтылған теңсіздіктерді жоюға мүмкіндік беретін механизм жасау арқылы білім беру нарығы мен еңбек нарығын түйістіру.



Сурет 2 – Жоғары білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін басқару механизмдері [1]

Бәсекеге қабілеттілік деңгейіне бағалау жасаудың басты мақсаты жоғары оқу орындарының білім беру саласындағы орнын анықтау. Әрине, бұл мақсатқа жету үшін бәсекеге қабілеттілікті бағалайтын арнайы объективті әдістемелер болуы шарт.

Қорыта келгенде, жаһандану үрдісі негізінде қалыптасып жатқан бәсекелестік заманда әрбір жоғары оқу орынындағы оқу үрдісінің икемділігін (оқушыларды ынталандыру және олардың оқу сапасымен қанағаттануы, оқу бағдарламасын құрастыруда жеке секторды пайдалану, оқу үрдісінде инновациялық бағытты кеңінен қолдану және т.б.) жоғарылататын механизмдерді құрастыруға мүмкіндік беретін инновациялық, педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жиынтығы еңбек нарығы мен жоғары білім беру қызметі нарығының институционалды байланысына негізделген және сол арқылы ғана біз жаһандық бәсекелестік жағдайында жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін жоғарлата аламыз.

Жоғары білім беру саласы экономиканың қоғамдық секторының негізгі саласы болғандықтан елдің экономикалық қауіпсіздігі мен әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді.

Экономиканың барлық салаларының жоғары кәсіби мамандармен қамтамасыз ету, жоғары оқу орындарында даярланатын түлектердің еңбек нарығының сұранысына лайық болуы, оқу үрдісінің инновациялық әлеуетінің жоғары болуы – осылардың барлығы жоғары оқу орнының бәсекеге қабілеттілігін айқындайды.

Кез-келген мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі, оның экономикалық жетістігі тауар мен қызметтердің құнына қосылған ғылыми-техникалық үлес көлемімен анықталатын болғандықтан, еліміздің техникалық университеттеріне ерекше тапсырма жүктелінеді. Сондықтан, еліміздің Президентінің бұйрығында ең маңызды тапсырмалар ретінде, мамандарды дайындауға және түлектерге ерекше талаптар қоятын престижді инженерлік оқу орындарының жүйесін құру керектігін атап өтті.

Қазіргі таңда, қай ЖОО-ларды инновациялық деп атауға болады деген сұрақ туады. Инновациялық ЖОО-лардағы білім беру жүйесі заманауи ғылыми зерттеулер мен заманауи экономикаға ашық болуы тиіс. Сонымен қоса, ондай ЖОО-лардың оқу жоспарларында жобалық зерттемелер, тренингтер, өндірістік және ғылыми-зерттеу орындарындағы тағылымдама

сияқты үлгілер болуы тиіс. Білім беру үрдісінің техникалық қамтамасыз етілуі, еуропалық және америкалық университеттердегі деңгейге сәйкес келуі тиіс. Қазіргі таңда, білім беру қызметінің инновациялық сипатын сәтті қамтамасыз ететін ЖОО-лар ретінде келесі үш үрдістің түрі бір уақытта іске асырылатын оқу орындары саналады, яғни олар:

- ◆ экономиканың әртүрлі секторларындағы шынайы жобалардың студенттермен құрылуы;
- ◆ негізгі және қолданбалы сипаттағы зерттеулер жүргізу;
- ◆ студенттерге оқу курстарын таңдауға мүмкіндік беретін білім беру технологияларын қолдану [2].

Жоғары технологиялар саласындағы инновациялық қызмет фундаментальді жаратылыстану және математикалық дайындықсыз мүмкін емес, сондықтан инновациялық ЖОО-дарында жаратылыстану бағытындағы пәндерге назар одан ары арта беретін болады.

Жоғары деңгейлі, бәсекеге қабілетті мамандар дайындау мақсатында еліміз 2010 жылдың 11 наурызында Еуропалық жоғары білім беру аумағына кірген болатын (Болон үрдісі) [3].

Болон үдерісінің жоғары білім жүйесіне енгізген жаңалығы өте көп, дегенмен ең басты жаңалығы – екі деңгейлі жоғары білім. Деңгейлердің аты аталды – біріншісі «бакалавр» («bachelor»), екіншісі «магистр» («master»). Қазіргі таңда үшінші деңгей қосылған, ол – философия докторы (PhD) [3].

Оқытудың кредиттік жүйесіне кіргеннен бастап, оқытушының оқушылармен жұмыс жасауын сапалы түрде қайта құруды, сабақ берудің әдісі мен әдіснамасын өзгертуді талап етті. Кредиттік жүйе бойынша студенттерді оқытудың басты міндеттері ретінде:

- ◆ білім беру көлемін біріздендіру;
- ◆ білім беруді жекелендіруге барынша жағдай жасау;
- ◆ білім алушылардың өз бетінше жасаған жұмыстарының рөлі мен тиімділігін арттыру.

Кез-келген жүйенің енгізілуімен қоса пайда болатын көптеген мәселелік сұрақтар туатының білеміз. Елімізде кредиттік жүйені енгізуде ЖОО-да пайда болған негізгі мәселелер:

- ◆ профессорлар-оқытушылар құрамы мен білім беру үрдісіне қызмет көрсетуші құрылымдық бөлімшелердің көп жұмыстармен айналысуы, себебі оқу үрдісі параллельді түрде жүргізіледі: дәстүрлі жүйе бойынша және кредиттік жүйе бойынша;

- ◆ оқытудың инновациялық технологияларын енгізумен және оны ары қарай дамытумен байланысты қосымша көп көлемді шығындар;

- ◆ әрбір оқытушымен дайындалатын тарату материалдарының, силлабустарының және студенттердің өзіндік жұмыс жасауына әдістемелік нұсқаулықтарды дайындаумен туындайтын оқу-әдіснамалық және уақытқа байланысты жұмыстардың көбеюі, әрбір академиялық сағатты 10 минутқа арттыруға алып келеді;

- ◆ кейбір оқытушылардың білім берудің жаңа талаптары мен жаңа әдіснамасына үйрену қиындығы;

- ◆ 1-курс студенттерінің өзіндік жұмысына және оқудағы жетістіктеріне өз бетінше жауап беруге дайын болмайтындығы;

- ◆ ата-аналардың бірінші курс студентінің күні бойы оқудан босамауына дайын болмауы [3].

Сонымен қоса, еліміздің ЖОО-ның кредиттік жүйеге ауысқанының басты артықшылықтарына тоқтала кететін болсам:

- ◆ факультеттердің, кафедралардың және оқытушылардың академиялық еркіндіктерінің кеңеюі;

- ◆ замануи ақпараттық технологияларды енгізу арқылы білім беру үрдісін қарқындауы, профессорлар-оқытушылар құрамның біліктілігінің артуы және білім беру сапасының көтерілуі;

- ◆ жоғары деңгейлі бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау мүмкіндігінің артуы;

- ◆ жалпы білім беру мен негізгі пәндердің біріздендірілуі;

- ◆ студенттерге өзінің білім беру аумағын өзі құруға мүмкіндік беру;

- ◆ студенттердің білімін тексерудегі субъективті көзқарасты алып тастау;

- ◆ оқытушылардың ғылыми-педагогикалық деңгейлерін көтеру үшін бәсекелестік ортасын құру;

♦ ЖОО-ның ақпараттық-техникалық негіздерін дамыту мен нығайту мақсатында білім беру қызметтерінің сапасын үнемі жақсартып отыру, білім алудың жаңа инновациялық технологияларын енгізу;

♦ студенттер пәндерді игергенде және ғылыми жұмыс жасағанда шығармашылық біліктілікті арттыруға мүмкіндік беру үшін студенттердің жеке жұмыс жасауына көп уақыт бөлу [3].

Сонымен, аталған кредиттік жүйеге еліміздің ЖОО-лары енгеннен бастап, бастапқы мақсат ретінде еліміздегі ЖОО-лардағы бәсекелестік ортаны арттыру болып табылады. Бәсекелестікті арттыру арқылы біз білім беру сапасын жоғарылатамыз, сәйкесінше жоғары білікті мамандарды дайындауға мүмкіндік аламыз.

Тұжырымдай келе, Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі әлемдік бәсекелік қабілеттілікке жауап беру үшін, келесідей әрекеттерді жүзеге асыру керек деп есептейміз:

♦ қоғам мен нарықта пайда болған қажеттіліктерді мүдделер сабақтастығы тұрғысынан қанағаттандыру;

♦ студенттеріне оқудан үздіксіз практикалық тәжірибе алу үшін, жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету);

♦ жоғары оқу орындарындағы ғылыми-педагогикалық құрамды материалдық және моральдық тұрғыдан ынталандыру;

♦ орталықта да, кейбір аймақтарда да бірдей сапалы жоғары білім алу мүмкіндігінің деңгейін жоғарылату;

ЖОО бітіруші түлектердің қолданбалы білімге ие болуын қамтамасыз ету.

Қазақстанның болашағы екі мәселеге – озық білім мен айқын саясатқа байланысты екендігін ескерсек, қазіргі таңда барлық салаға қатысты жаһандану дәуірінде Қазақстанның өзінің лайықты орнын айқындауы үшін білім жүйесі халықаралық аренада бәсекеге қабілеттілікке әзір болуға тиісті.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Кони́на О.В. Формирование маркетинговой мобильности российских вузов на рынке дополнительных образовательных услуг: теория, методология, тенденции развития в условиях усиления глобальной конкуренции: автореф. дис. ... докт. экон. наук: 08.00.05. – Волгоград, 2012. – 50 с.

2 Основы кредитной системы обучения в Казахстане / С.Б. Абдыгаппарова, Г.К. Ахметова, С.Р. Ибатуллин, А.А. Кусайнов, Б.А. Мырзалиев, С.М. Омирбаев / под общ. ред. Ж.А. Кулекеева, Г.Н. Гамарника, Б.С. Абдрасилова. – Алматы: Казак университети, 2004. – 198 с.

3 Развитие системы высшего образования в РК. [Электронды ресурс]. – Сілтеме: <http://www.kazportal.kz/razvitiya-sistemyi-vyisshego-obrazovaniya-v-rk/2015> ж.

4 Қазақстан Республикасы электронды үкіметінің ресми интернет-ресурсы: http://egov.kz/wps/portal/Content?contentPath=/egovcontent/education/edu_heis/article/bestuniinkz30&lang=ru.

Аннотация

В статье рассматривается проблема конкурентоспособности отечественного высшего образования, раскрываются причины снижения конкурентоспособности отечественных вузов и выявляются пути ее повышения. Особое внимание уделено характеристике объектов и субъектов оценки конкурентоспособности высшего образования. В статье дана характеристика инновационной деятельности в высших учебных заведениях Республики Казахстан на современном этапе, выделены глобальные проблемы, главные преимущества и особенности развития. Спрос рынка стремительно растет из года в год. Из-за повышения требований подготовка конкурентоспособных и квалифицированных специалистов в стране является главной задачей в области высшего образования. В современных условиях инновационная деятельность вузов Республики Казахстан является одной из наиболее важных услуг. Экономическое развитие страны и подготовка конкурентоспособных профессионалов на мировом рынке требует всеобъемлющего исследования деятельности вузов. В данной статье рассматривается инновационная деятельность вузов в настоящее время и внедрение новой системы образования в вузах.

Ключевые слова: конкурентоспособность, высшее образование, качество образования, подготовка персонала, профессионалы, преимущества, особенности, инновации.

Abstract

In the article the problem of competitiveness of domestic higher education is considered. The reasons of competitiveness decrease in domestic higher education institutions are revealed and ways of its increase come to light. The special attention is paid to the characteristic of objects and subjects of an assessment of competitiveness of the higher education. The article discusses innovation in higher education institutions of the Republic of Kazakhstan, their current state, the most relevant problems, the main advantages and features of the development. Market demand is growing rapidly from year to year. Due to the increasing demands of training competitive and skilled professionals in the country is a major challenge in the field of education. Innovative activity of Universities of the Republic of Kazakhstan is currently one of the most important services. The country's economic development and training of competitive professionals in the global market requires a comprehensive study of University activities. This research paper expounds on the innovation activity of Universities in the present time and the activities implemented a new system of education in Universities.

Key words: competitiveness, higher education, quality of education, training specialists, professionals, advantages, features, innovations.